

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
II апта 07-11 желтоқсан 2020 жыл

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжесова А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Отпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Дидактикалық ойын: Мозайка құрастыру. Мақсаты: баланың ойлау қабілетін жетілдіру.	«Кім тез жинайды?» Мақсаты: Көкіністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу.	Сюжеттік рөлді ойындар Аспазшы Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Аспазша әр түрлі тағам түрлері туралы әңгімелейді.	Дидактикалық ойын: «Тез, ақырын». Мақсаты: балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету.	« Қателеспе» Мақсаты: Спорт түрлерін анықтауға және білімдерін бекітуге жаттықтыру. Спортпен шұғылдануға деген талабын арттыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1. Сауат ашу: Тақырыбы: Жануарлардың достығы «Ыы» дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Сұрақтарға жауа беріп, өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысу. Сөз/сөйлем сызбасын құру және оқу. Берілген суреттерден ақпаратты табу. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Жазу жолдарына Ы әрпінің баспа түрін жазу. Балалармен шаттық шеңберін құру. Қосыл, қосыл шаттық шеңберіне, Нағыз адал дос болып. Қосыл, қосыл шаттық шеңберіне. Ең сенімді дос болып. «Артығын тап!» дидактикалық ойын. Педагог жануарлардың суретін бес-бестен топтастырып тақтаға іліп қояды. Балалар жабай жануарлар мен үй жануарлары туралы айтады. Суреттегі жабай жануардан артық жануарды қоршап көрсетеді. Үй жануарларының ішінен жабай жануарларды тауып қоршайды. Педагог балалардың көнілі суретке аударалы. Суреттегі жануарларды атайды. Жануарлардың қоректенгі	1. Математика негіздері Тақырыбы: Достарыммен ойнаймын. Заттардың қасиеттері. Мақсаты: Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру. Жиын элементтерін атау. Педагог балалармен ойнауды жақсы көрсіндер ме, достарыммен қандай ойындар ойнайсындар деп әңгімелеседі. Олардың ҰОҚ- де пайдалы және қызықты ойындар ойнай алатыны туралы хабарлайды «Затты тап» ойыны. Топпен ойнаймыз. Әр команда (топ) бір затты жасырды. Ал басқа командалардың (топтардың) мүшелері оларға «иә» немесе «жоқ» деген жауаптар беруге болатын сұрақтар қояды. Мысалы, бұл заттың пішіні дөңгелек пе? Ол қызыл түсті ме? Бұл кімнің бөлшегі ме? Бұл ыдыс па? Жиынтық полотноммен (немесе кесілген материалға ұқсас) жұмыс. Жиынтық полотнода фигуралардың екі тобы қойылған. Бірінде түстері бойынша, екіншісінде пішіні бойынша фигуралар жиналған. Бірінші топтардың бірі қаралады. Педагог мынадай сұрақтар қояды: Мына топтағы заттар несімен ортақ? (Барлық фигуралар жасыл түсті.) Екінші топтағы заттар несімен ортақ? (Олардың пішіні бірдей.) Қандай фигураларды бірінші (екінші) топқа қосуға болады? (Балалар фигураларды кенепке немесе жұмыс үстелдеріне –	1. Сауат ашу. Тақырыбы: Ойын және мінез. «Мм» дыбысы мен әрпі Мақсаты: «Мм» дыбысы және оның әрпі табысымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. «М»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «М» әрпін баспа түрін таныту Балалар ортаға тұрып өлең жолдарын қимылмен қайталайды. Біз әдепті баламыз. Айтқан тілді аламыз. Үлкенге де –«сіз» Кішіге де – «сіз» Бас неміз біз! Педагог айнаны көрсетіп, балаларға сұрақ қояды. Балалар біз айнаны не үшін қолданамыз? Ал айнаға қарап өзімізді қарайықшы! Балалар айнаға қарап шапшаң, киімдерін түзетеді. Айнаға күліміреп қарайды. Әдемілік туралы әңгімелеседі. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма Балалар суреттегі балалардың іс-әрекетін әңгімелейді. 1. Балалар суреттегі қай баланың қылығыңдайды? Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог Қ. Мырза Әли немесе кез келген ақынның әдептілік-әдемілік тақырыбындағы бір өлеңін мәнгерлеп оқиды. Балалар түсінгендерін әңгімелейді. Педагог балаларға әдептілік туралы қысқаша түсіндіреді.Балалар өз мінездері туралы әңгімелейді. 2-тапсырма.	1.Қоршаған ортамен таныстыру: Тақырыбы: «Мемлекеттік рәміздер» Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерді атау. шаттық шеңбері С. Әлімқұловтың «Отан» өлеңін айтады. Бақытты боп жүргенім Сенің арқан, ұлы Отан. Елім – менің тірегім, Құшағыңда гүл атам. Сарқылмайтын қуатым, Тірегіңсің сен, Отан. Мәңгі соғып тұратын, Жүрегіңсің сен, Отан.Педагог рәміздер жайлы бейнефильм көрсетеді. – Бейнефильм не туралы? (Ту, Елтаңба, Гимн Педагог: бүгінгі тақырып: Мемлекеттік рәміздер. Рәміздер – мемлекеттік нышандар. Біздің мемлекетіміздің рәміздері – Ту, Елтаңба, Гимн. Әр елдің өзінің рәміздері болады. 1-тапсырма Мемлекеттік рәміздер жайлы ақпарат беру. Қазақстан республикасының Мемлекеттік Туы Біздің мемлекеттік туымыздың түсі – көк. Көк түс – аспанның белгісі. Бұл – бірлік пен ынтымақтың белгісі.Күн бейнесі – байлық пен бөреке белгісі. Қыран бұркіт бейнесі	1. Өзін-өзі тану: Тақырыбы: «Менің Қазақстаным» Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу «Қазақстан туралы видео ролік көрсетіліп, еліміздің жетістіктерін, кең байтақ жері туралы мағлұмат беру. Бұл жерден мен не көрдім, не ұқтым? дейтін болсақ: еліміздің жетістігін, еліміздің тыныштығын, Қазақстанымыздың көркейгенін, ел үшін қызмет еткен Президентімізді, желбіреген туымызды бір сөзбен айтқанда «Біздің Қазақстанымызды» көріп тұрмыз. Көріп тұрып күннен-күнге көркейіп келе жатқан Қазақстанымызды көріп көңілімізді қуаныш, мақтаныш керейді. Ендеше,балалар, Қазақстан туралы өлеңдер оқып, елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде. Йнегі –құл, шатыры –аспан, Кен дала ... Төсі толқыған

<p>туралы қысқаша әңгіме жүргізу. Суреттегі жануарлардың және заттардың қайсысынан ы дыбысы естіледі. Балалар ы дыбысы бар сөзді анықтайды 2-тапсырма.Сұраққа сөйлем сызбасымен жауап бер. <i>Шырын құлынға не берді?</i> Ы – дыбысы – дауысты дыбыс. Ы дыбысын айтқанда тіліміз артқа жылжиды. 3-тапсырма. Ы әрпімен таныстыру. Педагог балаларға қағаз қыстырғаштар таратады. Олардан Ы әрпін жасатады. Ы әрпін құрастыр. Балаларға үлгі ретінде Ы дыбысының түсті жіптерден, қағаз қыстырғыштан жасалған суретін беріп, түрлі түсті қағаз қыстырғыштарды береді. Балалар қағаз қыстырғыштардан Ы әрпін құрастырады. Балалар Ы әрпінің баспа түрімен танысады. 4-тапсырма. Өлеңді оқиды. Ы дыбысы кездесетін сөздерді тапқызу: ыз-з, дыз-з. Логикалық сұрақ: <i>Сіріңкенің иінінен ы дыбысын тап.</i> Жауабы: шырпы. Шырпы «Ыз-з!» етті Саусағым «Дыз-з!» (Ү) Сергіту сәті Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың? Бұлтиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың? Балалар өлең жолдарын қимылмен айтып, естеріне сақтайды 5-тапсырма. Р әрпін теріс жазғанда Ы әрпінің бөлігін бейнелеуге болатынын түсінеді. Ы дыбысын баспаша жазуға, бастырып сызуға тапсырма беріледі. Балалар бастырып жазады. Жазу жолдарына Ы әрпінің баспа түрін жазады. Балалар өз жұмыстарын смайликтер арқылы бағалайды.</p> <p>2. Музыка Тақырыбы: «Туған жерім тұғырым» Мақсаты: Музыканы тындау және орындау барысында өз сезімдерімен толғаныстарын сипаттау</p>	<p>кесілген фигураларды қояды). Әрі қарай топтағы артық затты іздеуге арналған тапсырма беріледі және зат қандай белгісі бойынша алынып тасталатыны негізделеді. Алдымен белгілі бір белгісі бойынша «артық» затты таңдау ұсынылады – шешімдер нұсқаларынсыз (түсі, пішіні, көлемі бойынша). Ал содан соң әртүрлі «артық» зат болуы мүмкін тапсырма ұсынуға Мысалы, бір зат түсі бойынша «артық», екіншісі – пішіні бойынша. Мына топта қандай зат артық және не үшін екенін айта аласыңдар ма? (текше – пішіні бойынша, қызыл шар – түсі бойынша). Өліппе-дәптердегі 1-тапсырма. Балалар заттарды қарап, олардың белгілерін (пішінін, түсін, көлемін) айтады. Содан соң педагог заттарды түстері бойынша қорашшаларға жинап, оларды санауды ұсынады. Мұғалім әрбір қорашшаға айналасындағы тағы қандай заттарды (ойыншықтарды) салуға болатынын ойланyp көруді ұсынады. №2 тапсырманы мысалы, тек қатарларды ғана жалғастырып қоймай, бірінші қатардағы пішіні бірдей фигураларды бір түспен бояйтып, күрделендіруге болады. №3 тапсырманы орындамас бұрын түс – пішін – көлем деген шартты белгілер нені білдіретіні нақтыланады. Әрі қарай тапсырма кейіннен тексеру арқылы өз бетінше орындалады. Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Отан деп соғады жүрегім Мақсаты: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау Балалар шаттық шеңберіне тұрады, педагогпен қосылып өлең жолдарын қайталап айтады. Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана, Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел! (<i>Ермек Өтетілеуұлы</i>) П едагог «Отан – анаң, қамқоршың», «Отан депсоғады жүрегім» сөздерінің мағынасын түсіндіреді. Балалармен бірге талқылайды. Балалар өз болжамдарын айтады. Педагог қорытынды жасайды: Отанын</p>	<p>Сөйлемдерді аяқтайды. Педагог оқиды, балалар тиісті сөзді тауып, сөйлемді толықтырады. Мысалы: Жерге қоқыс тастауға болмайды. Дөрекі ойнауға болмайды. Балаларға болады, болмайды сөздерінің мағынасын түсіндіреді. «Болады, болмайды!» дидактикалық ойын. Ойын шарты: педагог ортада тұрған балаға сөйлем айтады, сөйлем соңын балалар болады, болмайды сөздерімен жалғастырып айтады. Қателескен жағдайда, келесі бала жалғастырадыНан қоқымын шашуға Қатты дауыстап сөйлеуге Үлкенге сәлемдесуге Кіші балаларды ренжітуге Досына көмектесуге Топта жүгіруге Апайды тыңдауға Ойын осылай жалғаса береді3-тапсырма. Мысық, құлын, лақ сөздеріне дыбыстық талдау жасатады. Сергіту сәті Бала, бала, баламыз, Біз айнаға қараймыз. Шашымызды тараймыз, Өп-әдемі боламыз! 4-тапсырма. М дыбысын педагог 3-4 қайталап айтады. Балалар қандай дыбыс естіп тұрсындар? Балалар М дыбысын қайталап айтады. – Ерін бір-біріне қатты тиеді. Тіл дауыс қуысында еркін жатады. «М» дыбысы кішкене тілдің төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. М –үнді дауыссыз дыбысТүйенің суретіне қарап, м дыбысына ұқсайтын дене мүшесін атайды. Түйенің өркеші м дыбысына ұқсайтынын табады. Педагог түйе жануары туралы әңгімелейді. М әрпін көрсетіп, қасына түйенің өркешінің суретін қояды. Балалар ұқсастығын табады. 5-тапсырма. Ж. Өбдірашовтың өлеңін педагог мәнерлеп оқидыМ-ның сырын көр ұғып, Өріп екен бұл қандай? Екі оқушы жолығып, Қол алысып тұрғандай. Өлеңді мазмұндайды. Педагог екі баланы ортаға шақырып өлең мазмұнындағыдай тұрғызады. Екі бала қол алысып тұрғандағы бейнесі негеұқсайды? (М әрпіне). 6-тапсырма – «М» әрпі мүсінін қалай түзеді? – М әрпінің алғашқы бейнесі неге ұқсайды? Педагог балаларға партада қалай отыру керек- тігін</p>	<p>қазақ халқының ұлттық дүниетанымында еркіндік, бостандық сүйгіштік, ерлік, жүрек тазалығы сияқты адамгершілік асыл ұғымдармен астасып жатады. Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетедітанымдық бейнесін көрсетеді. – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасындағы шаңырақ, жұлдыз, қанатты тұлпар нені білдіреді? Елтаңбаның негізгі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізгі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақытпен кеңістікті біріктіреді. Ал бес жұлдыз барлық жер шарына құшағымыздың ашықтығын білдіреді. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу республиканың атын көрсетеді. Масақ Отанымыздың байлығы іспеттес. Қазақстан республикасының Мемлекеттік Гимні Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған. Қазақстанның Гимні Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді. Музыкасы – композитор Шәмші Қалдаяқовтікі, сөзі – Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтікі.сергіту сәті: «Отан – менің ата-анам» әнін орындайды. «Күншуақ» ойыны. ойын шарты: Ортада шуақсыз күн тұрады. Күннің әр шуағында сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Күн шуағындағы сұрақтарға жауап беру арқылы күнді күлімдету4-тапсырма: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын тауып белгілейді. Педагог Б. Тәжібаевтың өлеңін мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. Балаларға бірнеше рет қайталағып жаттатқызады. Туған елім – гүл елім, Қасиетіңді білемін. Өзіңе деп жүремін –</p>	<p>егін. Көлдері көкке күмістен шашқан Қазақстан – республикам менің! Елімнің атын айтсам- Қазақстан! Жерімнің атын айтсам – Қазақстан! Қойнауы қазынағы толған мекен, Байлығымды айтсам- Қазақстан!</p> <p>2. Музыка Тақырыбы:«Туған жерім тұғырым» Мақсаты: Музыканы тындау және орындау барысында өз сезімдерімен толғаныстарын сипаттау Тыңдау: «Туған жер». (Ж.Тұрсынбаев, С.Жиенбаев) Ән айту. «Егемен ел– Қазақстан»(муз.мен сөзі Н.Алғашбаев) Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Үш көңіл күй», «Марш»(В.Соловьев–Седой) «Полька» «Бесік жыры» (өңд. Б.Дәлденбай)</p> <p>3 Дене шынықтыру Керуен (негізгі қимылдар) Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Балаларға өзіне сенімді болуды бір-бірінен үйрену ұсынылады. «Тез шеңберге тұр» Бір-бірінің артына бірден тізбекке тұрып жүру, бағытты өзгертіп жүгіру, тағыту жаттығуларын орындау. «Тез шеңберге тұр!» деген бұйрық бойынша қол ұстасып</p>
---	--	---	--	---

<p>Тыңдау: «Туған жер». (Ж.Тұрсынбаев, С.Жиенбаев) Ән айту. «Егемен ел– Қазақстан»(муз.мен сөзі Н.Алғашбаев) Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Үш көңіл күй», «Марш»(В.Соловьев– Седой) «Полька» «Бесік жыры» (өңд. Б.Дәлденбай)</p> <p>3. Жаратылыстану Тақырыбы:«Сенің денеңнің құрылысы қандай?» Мақсаты: Адамның негізгі дене мүшелерін атап, олардың қызметін білу Педагог ҰОҚ-ға арнайы жағымды атмосфера жасайды. «Барлықтарың амансыңдар ма!» Әр бала белгіленген уақыт ішінде балалардың максималды санымен қол берісіп амандасып шығуы тиіс. Мұнда басты назар қолды мейірімділікпен қысқанға, адамның көзіне қарай отырып өзінің атыңды атауға аударылады. Бақылау тақырыбына, бақылау нысанына көңіл аудару. Назарды сұраққа аудару: бір-бірімізді не үшін бақылаймыз? Мүмкін нұсқаларды таңдау: • Танысу үшін. • Бақылап үйрену үшін. • Кіммен отыруды таңдау үшін. • Бір-бірін жақсы білу үшін. • Өзіңді білу үшін. Топтағы балалар несімен ұқсас және бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Балаларға адамның дене мүшелері бейнеленген суреттер ұсынылады, сол суреттер бойынша бақылау тақырыбын болжамдайды. ҰОҚ соңына дейін қол жеткізілетін мақсатты анықтайды. (Оған рефлексия</p>	<p>сүйе білмеген адам бақытты бола алмайды. Өйткені атақ та, даңқ та, бақыт та, бақ та Отанды сүюден басталады. Әліппе-дәптермен жұмыс: 1-тапсырма. Сен Астана қаласында болдың ба? Саған бәрінен де не ұнады? Әсеріңмен бөліс. Суретте қандай орындар бейнеленген? Педагог әрбір қаланың өз эмблемасы, символы болатыны жайлы ой қозғайды. - Астана қаласының символы не? - Бәйтерек туралы не білесіңдер? Әліппе-дәптермен жұмыс: 2-тапсырма. Суретте не бейнеленген? Боя. Сергіту жаттығуы: Төскейде жел еседі, Төбемнен бұлт көшеді. Туған жерім мен үшін Көк майсасын төседі. «Кім Отан туралы көп мақал айта алады» конкурсын өткізу. 3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бер. «Менің Отаным – Қазақстан» деген тақырыпта әңгіме құрастыр. Педагог балаларды біздің Отанымыз – үлкен ел. Елімізде барлық халық тату-тәтті, келісімде өмір сүреді деген ұғымға келуге жетелейді. Біз өз Отанымызды сүйіп, қорғауға тиіспіз. Өленді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіру. Отан Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. Отан осы, достарым, Көңілде мұны түйе біл. «Отан» деп өс, жас қауым, Оны ардақтап сүйе біл. (<i>Бұркіт Блсақұов</i>) Педагог қорытынды жасайды, балаларды марапаттайды</p> <p>3.Сурет салу Тақырыбы: Қазақстан – мақтанышым! (сюжетті) Мақсаты: Суреттегі бейненің көңіл-күйін беру үшін қағаз реңі мен түс үйлесімділігін таңдау. Оң көңіл күй қалыптастыру Педагог: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Бүгін біз уақытты бірге өте қызықты өткіземіз деп үміттенемін. Қолдарымызды жоғары көтереміз.</p>	<p>түсіндіреді. «М» әрпінің баспа түрін жазадыПедагог балалардың үлгерім деңгейін талқылап, оқу қызметін қорытындылайды.</p> <p>2.Дене шынықтыру. 1. Тақырыбы: Ұлы Жібек жолы (негізгі қимылдар) Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта тұзу жүру түрлерін орындау Егер Ұлы Жібек жолы картасына жоғарыдан қарасаң – ағаштың салалы бұтақтарына ұқсайтын бірнеше қатар сызықтарды көруге болады. Ұлы Жібек жолы – Қытай, Таяу Шығыс және Еуропа арасында б.з.б. 2-ғасырдан б.з. 15-ғасырына дейін болған сауда жолдарының жүйесі. «Жібек жолы» рухани мәдениет пен өнердің жалғастырушысы болды. Орта Азия мен Шығыс Түркістанның музыкалық ансамбльдері, талантты музыканттар мен бишілер, барабаншылар мен акробаттар қытай императоры мен ақсүйектер сарайында өнер көрсеттіҚазіргі уақытта Ұлы Жібек жолы өткен жерде бұрын да Батыс пен Шығыс сауда көлік жолдарын байланыстырған көлік жолдары салынды. Бұл жолдардың жартысы жүзден астам километрге созылып жатқан үлкен шөл далалар арқылы өтіп жатыр, осы уақытқа дейін бұл жерлерде ешқандай өркениет жоқ. Ойынға балалардың қосалқы төрт шағын тобы қатысады. Әр топ залдың бұрыштарында шеңбер құрады. Әрбір шеңбердің ортасында ұлттық ою-өрнек салынған орамал болады. Төрт шеңбердегілердің бәрі қол ұстасып ауыспалы адыммен жүріп, өлең айтады: Біз көңілді баламыз, Айналып ән саламыз. Ойын ойнап, би билеп, Көк шалғынға барамыз. Сөзі жоқ әуен басталғанда балалар ауыспалы адыммен ортақ шеңбер құрып тұрады. Музыка аяқталғанда орамалға жүгіріп барып, оны жайып төбелеріне ұстайды (шатыр), бұл киіз үйді білдіреді. Киіз үйді бірінші болып құрған топ жеңіске жетедіБалаларға 4 метр</p>	<p>Лүпілдеген жүрегім! Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу – тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.</p> <p>2. Апликация Тақырыбы: «Қала көшелерінде» Мақсаты: Бірнеше қабат етіп бүктелген қағаздан геометриялық сәндік элементтерді көбірек қиып алып, геометриялық пішіндерді (шаршылар, тіктөртбұрыштар, шеңберлер, сопақшалар) ортасынан немесе диагональ бойынша қию Бүгінгі қала бейнесі Сілкіп тастап нала жүгін, Жасанып тұр қала бүгін. Сәулетіне, Дәулеті сай, Қос басындай таразының. Түнгі қала, Жұлдыздардың, Шоғырына айналып тұр. <i>Ө. Ақытбекұлы</i> Педагог тәрбиеленушілерді үлкен және шағын қалалардың фотосуреттерінен (картиналар, иллюстрациялар) ұйымдастырылған шағын көрмеге шақырады. Педагог тәрбиеленушілерді алдағы әрекетке жұмылдырады. Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Педагог балалардан суретке қарап, ғимараттардан, көліктен, қоршаған ортадан қандай геометриялық фигуралар көріп отырғанын айтқызады. Балалардың назарын жыл мезгіліне аударады. Қар қайда жатыр? Үйлердің төбесінде, ағаш бұтақтарында, отырғыштарда. Педагог балаларға алдағы композицияны көрсетіп, онда қазір көкжиекке ұласқан (парақтың жоғарғы жағын нұсқайды) кең байтақ жер жатқанын (парақтың төменгі жағын нұсқайды) көрсетеді. Бірақ осы жақындааспанға бой тіктеп</p>	<p>залдың ортасына дөңгелене тұрады. Жұптасып жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Гимнастикалық сатымен өрмелеу – қол мен аяқты үйлестіре қимылдатуға назар аударылады (алма-кезек қадам). Қауіпсіздік техникасын ескертеді: қимыл-қозғалысты бірқалыпты, асықпай орындау; тақтайшалардан аттап кетпеу, сатыдан секірмеу. Сақтық шараларына көңіл бөлінеді қысқа секіртпелер арқылы еркін секіру Секіртпе табан астына келгенде секіру керектігін ескертеді. Қауіпсіздік техникасы – балалар бір-бірінен айтарлықтай қашықтықта тұрғанына көз жеткізіңіз. «Жұптасып тепе-теңдік сақтау» Спортзалда түрлі қозғалыс тәсілдерін қолдана отырып музыка үнімен жүреді; музыка аяқталғанда балалар тез жұбын тауып, барынша бойын созып аяқтың ұшымен тұрады. Нұсқау – іш бұлшық еттерін тартып, алға көз тастау, аяқты тік жазып аяқтың ең ұшына тұруға тырысу Аяққа массаж жасау Б.к. – малдас құрып отыру 1) Балалар сол жақ табанын өзіне қарай тартып, башпайларын уқалайды, олардың арасын сипалап, башпайларды бүгеді. Өкшеге саусақты қатты батырып, табанды ысқылайды, башпайларды, өкшені, табанның дөңес жерін шымшылап, шапалақтап ұрғылайды.</p>
--	---	--	---	---

<p>кезеңінде қайта оралады). Бұл кезеңде барлық ақпараттар көздерін еске түсіруі қажет. Бұл ҰОҚ-да «Мен өзім» ақпарат көзіне назар аудару. Өзіне айнадан қарау ұсынылады. Өмірде бәрінен де ең қымбаты – адам екеніне баса назар аударту. Өлең оқуға болады: Айнама менің асыл ғой, Тек шындықты айта ғой. Бұл әлемде ең қымбат, Бәрінен ең сымбат Кім екенін айта ғой. Көңілімді жайлай ғой! Сөйлеп кетті айнасы: Өркімгеақ қымбат баласы, Қолындағы данасы. Балалардан айнадан қандай дене мүшелерін көріп тұрғандарын сұрау. Біздің денеміз қандай мүшелерден тұрады? Балаларға дене мүшелерінің жұмысы туралы белгілі заттарды айтқан соң, «Адам» сұлбасын жасауын ұсыныңыз. Ұғымдар: сыртқы құрылысы, ішкі құрылысы,Динамикалық кідіріс. Қуыршағым, тыныш тұр, Дәрігер аю, дұрыс тұр. Қызыл добым, секірме, Мазамды көп кетірме. Ал дөгілдек мәшинем, Ұзап кетпе қасымнан. «не істей алатынын айт және көрсет!» ойыны Педагог дене мүшесін айтады, балалар оны көрсетеді және оның не үшін керек екенін айтады. Қол – бірденені алады, ұстайды, көтереді, түсіреді, басқа жерге қояды, бірденені немесе біреуді көрсетеді, шапалақтайды... Аяқ – тұрады, жүреді, аттап өтеді, секіреді, тебеді...Педагог дене мүшелерінің қозғалысымен денені шынықтыруға ұсыныс жасайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Аяқтарды түзу ұстап кім тез жүгіре алады. • Түзу қолмен үстел үстіндегі 	<p>– Сәлеметсің бе, Аспан! Біз сенімен кездескенімізге қуаныштымыз. Сен сондай биік, еркін әрі шексізсің! Қолдарымызды төмен қарай түсіреміз. – Саған сәлем беремін, Жер! Сен барлығына өмір сыйлайсың! Қолдарымыздыды жан-жаққа созамыз. – Саған сәлем, Су! Сен – жер бетіндегі тіршілік көзісің! Алақандарымызды жоғары қаратып, қолдарымызды жан-жаққа көтереміз. – Саған сәлем беремін, Ауа! Алақандарымызды жоғары қаратып, қолдарымызды жоғары көтереміз – Саған сәлем, Күн! Сен сондай мейірімді және ыстықсың! – Біз туған еліміздің балаларымыз! Біз Қазақстанда тұрамыз! Осыны мақтан етеміз! Педагог Қазақстан ішінде саяхатқа алақанды ұсынады. Балаларға Қазақстанның табиғаты туралы бейнеүзінді көрсетеді. Балалар бүгінгі сабақта немен айналысатындарын білді ме? (Қазақстанның табиғатының суретін салу.) Табиғат бейнесі бар сурет қалай аталады? (Пейзаж.) Педагог Айсұлу мен Қуанышқа ұлттық мұражайға дұрыс жол табуға көмектесуді ұсынады. Өз жауаптарын түсіндіруді сұрайды. Мұражайда балалар көптеген картиналарды көрді, алайда қазақ суретшісі Әбілхан Қастеевтің картиналары оларға өте ұнады. Неліктен деп ойлайсындар? Суретші осы картиналарда нені бейнелеген? Табиғаттың әсемдігін жеткізу үшін ол қандай түстерді пайдаланған? Қандай материалдарды қолданған? (Бояулар.) Бүгін бізге жұмыс істеу үшін қандай құралдар қажет болады? Нені қолданатындарыңды таңдап алыңдар (Қарындаштар, балауыз борлар). Сергіту сәті Кәне, балалар, тұрыңдар! (Тұрады.) Өзіміз киіз үй құрастырамыз! (Қолдарын бастарының жоғарғы жағына күмбездеп қояды.) Керегесі – бұл қабырғалары. (Қолдарын айқастырады.) Кәне, оларды созайық. (Қолдарын екі жағына созады). Шаңырақты көтерейік. (Аяқтарының ұшына тұрады, қолдарын жоғары созады).</p>	<p>қашықтықтан көлденең нысанаға асық аруды ұсыныңыз. Көлденең нысанаға лақтыру кезіндегі бастапқы қалып пен құрылымдық амалға назар аударыңдар. Бастапқы қалып – сәл еңкейіп сол аяқты иық тұсынан сәл асыра алдыға қою, оң аяқ артта, оң қолды кеуде тұсынан шын-тақтан бүгіп, алға-артқа сермей отырып асық лақтыруБұл кезде оң қолды төмен түсіріп артқа барынша созып, қолды алға-артқа сермей отырып асықты лақтыру керек. Балаларды бірге жұмыс істеуге ынталандырып, қазанға лақтырылған асықтар саналады; Құрылымдық амалдың сақталу дәлдігі талданады. Малдас құра отырып асық лақтыру және қағып алу –алақанды жоғары, төмен бұру.Нұсқау – қолды уыстап ұстау. Асықты келесі лақтырғанда алақанды теріс қаратамыз. Балаларға асықты лақтыру деңгейін бақылау ұсынылады. «Соқыртеке» қимыл ойыны (қырғыз ойыны) Ойын бастаушыны таңдап, оның көзін таңады да, шеңбердің ортасына апарды. Қалған балалар шеңбер бойымен орналасқан құрсаулардың ішіне тұрады. Ойын жүргізуші балаларға жақындап ұстап алуға тырысады. Бала құрсау ішінен шықпай, бірде бұғып, бірде отырып қолға түспеуге тырысады. Ойын жүргізуші құрсау ішіндегі баланың бірін ұстап қана қоймай, атын атауы тиіс. Егер ұсталған баланың атын дұрыс атаса, ойынға қатысушылар: «Көзіңді аш!» деп айтады. Ұсталған бала ойынды әрі қарай жүргізеді. Егер атын дұрыс атамаса, балалар үндемей шапалақ ұрып, жүргізушінің қателескенін білдіреді. Ойын жалғасып, ойынға қатысушылар бір аяқпен секіре отырып орын алмастырады« Күндер зулап өтсе де, Сен ешқашан өкінбе. Жақсылық жасап бәріне Бақытқа олар жетсе де. Жүрегің оттай лауласын Сөнбесін оты үмітің, (бәрі бірге) Жақсылық тіле бәріне! – деп балалар алақандарын біріктіріп,</p>	<p>көтерілетінін, үйлерге адам қоныстанатынын, жолдармен көліктер ағылысатынын айтады. Осының бәрін қазір біз өзіміз жасаймыз өз жамалызды саламыз. Жақын орналасқан фигуралар үлкен болып көрінеді. Ал алыстағылары кішкентай сияқты көрінеді. Көңілді адамдар (саусақтар алақан үстінде адымдайды), Өзен жанымен өтеді (екінші алақанның үстімен адымдайды) Жүгіріп-секірді, (үстел үстін тықылдатамыз), Күнді қарсы алды, (бетіміздің үстімен жүреді), Көпіргешықты,(саусақтардың басын біріктіреміз). Шеге қақты, (жұдырықпен жұдырықты соққылаймыз). Содан кейін өзеңге сүнгиді (алақандарымызды сілкілейміз). Адамдар қайда? (Қолдарымызды қолтығымызға тығамыз) Олар мұнда! (Қолдарымызды көрсетеміз). Аппликацияны орындау технологиясы. қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері. ҰОҚ шеңберінде қайшымен жұмыс ережелерін еске салып отырыңыз. Бала желім жаққан кезде, пішінді қолмен ұстап отыруын, қолын жұмыс үстеліне жапсарлас жылжытуын қадағалаңыз</p> <p>3.Дене шынықтыру Қазақстанның Оңтүстігінен солтүстігіне саяхат (Ауада) (негізгі қимылдар) Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Балалармен өзара түсіністік, іс-қимылды үйлестіру деген не екенін талқылаңыз. Қазақстанның қалаларына саяхат жасауды ұсыныңыз. Ортақ кеңістікті бөлу және қимыл-қозғалыс тәуекелдігін азайтуға балалардың назарын аударыңыз. Пойызбен саяхат – бір қатар саппен алдындағы баланың иығына қолын</p>	<p>3.В.к Ойламыз, ойнаймыз</p> <p>Тақырыбы: «Сәулетші»ойыны Мақсаты: Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру. Шаттық шеңбері: Күндей жадырап, Айдай арайлап. Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық. Психологиялық жаттығу: Көздеріңді жұмып, ең жақсы сәттеріңді еске салыңдар Балалар қолдарынан ұстап, шаттық шеңбер құрып, тәрбиешінің соңынан қайталайды. Мен бүгін балабақшаға келе жатып,сандық тауып алдым.Ол сандықтың ішіне ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды сандықтан шығару үшін жұмбақтарды шешуіміз керек. Жұмбақтар: 1.Көлеңкесінен қорқып безектейді, Ал,оның баласын «көжек»дейді. 2.Ит секілді пішіні, Бірақ адамды ұнатпайды. 3.Өзі қу,әрі айлакер, Жүрген жері айқай да шу. 4.Қыс бойы жатады, Тәтті ұйқыға батады. 5.Қара ала тоны бар, Ол аңдардың қыраны. Жатқанын көрмейміз, Серейіп көп тұрады. 6.Бұтадан-бұтаға секірген, кішкентай ғана шаппаң аң. Бұларды қалай атаймыз? Олар қайда тұрады? Мынау не ?суретін</p>
---	--	---	---	---

<p>алманы ал.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қарындашты аяқ саусақтарының арасына қойып, сурет сал. • Аяқтар мен қолдарды кезектестіріп тапсырманы орында. Педагог ойлануды ұсынады («Мен өзім»): Неге дене мүшелерінің жұмысы туралы білу керек? Ұжымдық қорытынды: Денсаулықты сақтау үшін. Өзекті мәселелер («Мен өзім»). Педагог «Біз бәріміз әртүрліміз» ойыны барысында адамдар несімен ерекшеленетінін анықтауды ұсынады. Допты лақтыра отырып, оны ұстаған балаға жоспар бойынша өзі туралы айтып беруін ұсынады. Балалардың болжамдар айтуына түрткі болады: Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Балалардың суреттерін бояйды. Дене мүшелерін атайды (оның ішінде жұп мүшелер: екі көз т.б.) 2-тапсырма. Төртбұрыш ішіне дене мүшелерінің суреттерін салады. Олардың атқаратын қызметін айтады. <p>4.В К Ұлттық ойындар Тақырыбы: Малға байланысты ойындар.ИКТ.</p> <p>Мақсаты: Малға байланысты ойындармен таныстыру. Үй және дала жануарлар туралы білімдерін бекіту.Балаларды ойын шартымен,мақсатымен таныстыру.Ойлау, қиялдау ептіліктерін тәрбиелеу</p>	<p>Уықтарын қояйық. (Колдарын түсіреді) Түндігін жауып, аяқтайық! (Алға қарай иіледі.) Біз киіз үйді осылай құрастырдық. (Алақандарын соғады.) Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы Педагог жеке гигиена ережелерін, өткір құралдармен жұмыс істеу тәртібін еске салады. Жұмыстың орындалу технологиясы (Жұмысты сатылай орындау ретін түсіндіру Жақында орналасқан заттар қашықта орналасқан заттарға қарағанда үлкен болып көрінеді. Оларды ірілеу етіп сала отырып, біз оларды жақындатқандай боламыз. Пейзаж салу кезінде заттардың бір-біріне қатысты орналасқан қашықтығын дұрыс беру керек. Суреттің алдыңғы қатарында жақында орналасқан заттар бейнеленеді. Сондықтан олар ірі етіп салынады. Артқы планда – қашықта орналасқанның барлығы. Олар анағұрлым ұсақ етіп салынады. Бұл перспектива деп аталады. Нені салатындарыңды ойластырындар. Көмек ретінде әліппе-альбомдағы суреттерді, тақтадағы иллюстрацияларды пайдаланындар, сабақ басындағы фильмнен кадрларды еске түсіріндер. «Менің Отаным – Қазақстан» сурет галереясы ұйымдастырылады. Педагог балаларға қалауларына қарай өз ойлары, көңіл күйі туралы әңгімелесуді ұсынады.</p> <p>4. Орыс тілі: 1. Тема: «Моя родина – Казахстан» Цель: Произносить и различать звуки в словах и фразах. Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их. Организационный момент. становятся в круг. что за чудо-чудеса, раз рука и два рука, вот ладошка правая, вот ладошка - левая, и скажу вам, не тая, руки всем нужны друзья, сильные руки не бросятся в драку, добрые руки погладят собаку. умные руки умеют лечить, чуткие руки умеют дружить. Покажите свои ладошки. давайте потрем их сильно. что вы чувствуете? тепло.</p>	<p>шенбер жасап, тақпақ айтады</p> <p>3. Көркем әдебиет Тақырыбы:Ынтымағы жарасқан отбасы. Мақсаты: Отбасы туралы түсініктерін кеңейту,отбасындғы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту Тыныштық сәті: Баяу музыка ойнап тұрады. - Бір сәтке көздеріңді жұмып, көз алдарыңа туған үйіңді, отбасы мүшелерің елестетіп көріндерші. Туған үйіміз сондай ыстық. Отбасы мүшелері қандай сүйкімді, көңіл күйіміз өте жақсы! Көздеріңді жаймен ашындар. Балалар өз отбасы туралы әңгімелеп береді. 3. Дидактикалық ойын: «Менің отбасым». Ойын шарты: балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, готбасу туралы жақсы сөздер айтады. - Менің отбасым ... (тату). - Менің отбасым ... (көңілді). Ойын осылайша жалғаса береді. «Ынтымағы жарасқан отбасы» суретіне қарап, әңгіме құрау. Балалар жауап береді. 5. Сергіту сәті: Біздің үйде ән тарап, Думандатар өмірді. Біздің үйде салтанат, Біздің үйде көңілді. (Қимылмен көрсетеді). «Отбасым – бақыт мекені» - жоғары дауыста орта дауыста төмен дауыста айтылады. Тыныштық сәтін жасайды. Ойынды ойнайды Әңгіме құрап, түсінеді. Сергіту сәтін жасайды. - Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Отбасына кімдер жатады? - Сенің отбасыңда неше адам бар? - Өз отбасың туралы әңгімелеп бер</p> <p>4. Мүсіндеу Тақырыбы: Достарын төрге шығарған,қонақжай менің халқым бар Мақсаты: Әлем халықтарының ұлттық ойыншықтары мысалында затқа қарап, елестетіп және ойдан құрастырып жапсырып мәнерлен-ген образды сәндеу әдістерін пайдалану</p>	<p>қоя отырып ирелендей жүру. Бағытты және қозғалыс қарқынын өзгертіңіз. Астана Ұлттық ұланды жаттықтыру. Қатарынан тізіліп бір аяқпен залдың қарсы бетіне дейін жүру, жүгіру, секіру. Саппен тізбектеле жүргенде қимыл-қозғалысты үйлестіруге, денені тік ұстауға көңіл бөлу. Гантельмен орындалатын жаттығу. Күш қасиеттерін дамытуға арналған. Қолмен отырғышқа таянып, денені жерден көтеріп, қолды бүгіп-жазу. Кейбір балаларға жеке жұмыс жүргізуге болады. Алматы Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. Гимнастикалық қабырға тақтайшаларымен көлденеңінен қосымша адымдап жүру – түрлі тәсілмен (оң қол сол аяқ, сол қол оң аяқ) кезек қадамдар аттап төмен түсу. Қимылдың үйлесуіне, тақтайшаларды ұстағанда төрт саусақ жоғарыда, бас бармақ төменде болғанын ескереді. Гимнастикалық қабырғамен өрмелеген кездегі қауіпсіздік техникасы ескертіледі, сақтық шаралары қолданылады. Қостанай Бастапқы қалыпты түрлендіре отырып бір-біріне 3 метр қашықтықтан доп домалату. Допты итеру күшін және қозғалыс бағытының сақталуын саралауға назар аударылады. Балаларға доппен іс-қимыл дағдыларын кеңейте отырып, түрлі дене мүшелерінің көмегімен әртүрлі әдіспен бір-біріне доп жіберу жөнінде тапсырма беріңіз. Петропавл «Аңшылар» Ойыншылар «аңшылар» мен «қасқырлар» болып екі топқа бөлінеді. «Қасқырлар» шамамен диаметрі 4 метрлік шағын шеңбердің ішінде тұрады. «Аңшылар» шеңбер сыртында болады. Бұйрық бойынша «аңшылар» өз орнынан шықпаған күйі шеңбердегі «қасқырларды» доппен «ата бастайды». «Қақсырлар» да тұрған орнынан</p>	<p>көрсетеді. Дұрыс айтасындар,мен сендерге бұғының мүйізінің пайдасы туралы айтқым келіп отыр. Бұғының мүйізінен көп ауруға ем, дәрі-дәрмектер жасайды. Одан жасаған дәрілер жүрек,қан тамырлары ауруларына,қан азайғанда өте пайдалы екен.Бұғының пайдасын біліп жүрейік. -Сонымен қатар,андарды аңдар саябағынан көруге болады.Балалар, қарандар аңдар бізден қорқып тығылып қалыпты. Ойын: «Ненің басы,ненің құйрығы?» Сергіту сәті: Ұзын құлақ,сұр қоян. Ытып шықты далаға. Жан-жағына қарады, Жүгірді, секірді. Орнына барып отырды. Ал енді,балалар саябаққа барайық.Саябақтың ішіндегі тақтаға суретші сурет салып қойған.Бірақ бұл суретте бір кателік бар сияқты. Кәне көріп табайық, Саябақтың ішіндегі жануарлар адасып,үйлерін таба алмай жатыр, көмектесейік. Мына саябақтағы аңдар туралы қандай тақпақ білесіңдер? 1.Мен тиінмін, тиінмін, Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Іші жылы үйімнің. 2.Бұрын көріп, білмеп ем, Қандай үлкен піл деген! Әрі тұмсық,әрі қол, Мұрнын жұмсар бәріне ол. 3.Кірпі, кірпі,кірпі, Үстің толған ине, Бірін берсең шіркін, Қадар едім түйме. 4.Қоян-ау,ақ қоян, Үркек қоян,сақ қоян.</p>
--	--	---	---	---

	<p>Это тепло наших добрых рук, наших сердец. давайте поделюсь этим теплом друг с другом.</p> <p>здание №1. Послушай. Рассмотри и расскажи, что ты видишь на карте Казахстана. запомни.</p> <p>Посмотрите, какая большая у нас страна. как много в ней городов и сел, гор, степей и лесов, пустынь, рек и озер. и даже моря есть. Мы с вами живем вот здесь... (педагог показывает на карте, где они находятся)</p> <p>выделяет на карте столицу - город Астану. игра с мячом «Хлопни - топни».</p> <p>если предмет находится на карте – хлопаем, не находится – топим. Педагог называет предметы, дети внимательно слушают Динамическая пауза «Путешествие».</p> <p>Мы идем цветущими лугами (обычная ходьба друг за другом)</p> <p>и цветов букеты соберем (наклоны вперед) Где-то за высокими горами (поднимаем руки вверх)</p> <p>ручеек по камушкам пройдем (ходьба на носочках)</p> <p>если встретятся овраги, Мы овраги обойдем (ходьба назад)</p> <p>если встретятся коряги, Под корягой проползем (ходьба на четвереньках)</p> <p>Шаг за шагом, потихоньку (ходьба на носочках)</p> <p>дружно в сказку попадем (обычная ходьба на месте) здание №2. Послушайте диалог. О чем говорят серик и Берик?</p> <p>Педагог знакомит ребят с диалогом двух друзей, побуждает рассказать, для чего нужна карта. Например, карта помогает нам увидеть, где находится место нашего путешествия, показывает расстояние, а также, что мы можем встретить по дороге – лес, степь, горы и т.д. Назови слова: лес, степь, пустыня. Назови звук, который встречается в каждом словестихотворение т. Айбергенова «Моя республика» она велика: от Алтая до каспия, она широка,</p>	<p>(рельеф,илеу, кескішпен ойып алу немесе қырып із салу Педагог ҰОҚ жұмыс істеуге қолайлы жағдайжасайды.</p> <p>Мүсінші Ермек аудиожазбаны тыңдауды ұсынады. Балалар ойланып, күлімсіреп жүру керек, ол барлық халықтардың бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруіне көмектеседі деген тұжырым жасайды – Қазақстан аумағында қандай ұлттар тұрады?</p> <p>– Біз қандай республикада тұрып жатырмыз? – Сенің ұлтың кім?</p> <p>– Үйде қонақты қалай күтесіңдер? Оларға қандай ұлттық тағамдар беріледі?</p> <p>Сендер қандай тағамдарды жақсы көресіңдер?</p> <p>Қорытынды: Денің сау болу үшін дұрыс тамақтану қажет.Проблемалық жағдай: Мүсінші Ермек түрлі халықтардың үйлерімен танысуға шақырады.</p> <p>Талқылау.</p> <p>– Үй салуға арналған қандай материалдарды білесіңдер? Үйлерді қарап шығып, ұлттық бояуларға назар аударыңдар. Үйлер қандай материалдан жасалған? Әліппе-альбом.</p> <p>Үлгімен танысу.</p> <p>Педагог: Қазақтардың, орыстардың, украиндар мен немістердің үйлері қалай аталады екен? Мұқият қарап шық.</p> <p>Балалар үлгілерге қатысты пікірлерін білдіредіТалқылау. Ермек балалардың ата-аналарымен бірге орындап келген үй тапсырмасына назар аударады (ермексас жағылған қораптар, банкалар). Педагог: біз бүгін қалдықматериалдарды (тастар, ағаш таяқшалар, ою-өрнектер) пайдалана отырып, үйлердің құрылысын аяқтауымыз керек. Ой тұжырым: Балалар мүсіндеу тәсілдерінатап береді. Қазақ, орыс, украин, немістердің ұлттық баспаналарының құрылысын қалай аяқтап, безендіретінін айтады. Ойын-жаттығу: «Бәрін айтып, бәрін көрсетіп беремін».</p> <p>Балалар ермексазбен жұмыс істеу ережесін еске түсіреді «Мүсіндеу алгоритмін талқылау».</p>	<p>кетпей доптан бұғып, тигізбеуге тырысады. Олар допты жерге түсірмей қағып алса болады. Лақтыру доп санына қарай болады. Доптар біткен соң «аңшылар» мен «қасқырлар» ауысады. Көп ұпай жинаған топ жеңеді.</p> <p>Павлодар «Жерге тамыр жай» жаттығуы</p> <p>«Өкшемен еденді қатты басуға тырыс, алақаныңды мықтап жұмып, барынша тістен. Сен – тамыры мықты, дауыл да құлата алмайтын алып ағашсың. Бұл – өзіне нық сенімді адамның қалпы».</p> <p>5.В.к. Логика әлемі</p> <p>Тақырыбы: Уақытта бағдарлау : тәулік (таң, күн, кеш, түн), апта күндері. Күн режимі.</p> <p>Мақсаты: Тәулік бөліктері мен апта күндерін, күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Шаттық шеңбері:</p> <p>Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бірге жүреміз.</p> <p>-Бізге қонақтар келіп отыр, барлығымыз амандасайық</p> <p>-Балалар қараңыз, ноутбуктың экранға нені көріп отырсыздар? Тосын сәт: хатты алып, оқымын.</p> <p>-Сыйлық табу үшін барымыз ба?</p> <p>- Балалар, іздеу кезінде бір-бірімізді сыйлап, тыңдауымыз керек.</p> <p>Келістік?</p> <p>-Бірінші тапсырма картада қалай белгіленген? (Суретте не бейнеленген? Банан жеміс немесе көкөніс? Ал сәбіз? Бірінші(екінші, үшінші) суретке қарап, қай жақта көп және айт)</p> <p>-Екінші тапсырма қалай белгіленген? (Балалар қай жануарда құлақтар ұзын немесе қысқа атаңыз. Ат қандай жабайы ма немесе үй жануары? Қоян қандай жануары?)</p> <p>-Үшінші тапсырманы табыңыз. Ол қалай белгіленген? (Балалар бұл кімдер?Биіктігіне қарай кім аласа және кім биік?)</p> <p>-Балалар кәне кел демалу үшін сергіту сәтті жасайық!</p> <p>-Төртінші тапсырма:</p>	<p>Қаша берсен қалыңға, «Қорқағым»деп ат қоям.</p> <p>5.Қаңғырамын үйім жоқ, Ауылдардың иті көп, Ұрлық,зорлық – кәсібім, Тамақтанар нәсібім.</p> <p>6.Түлкі деген қу,неткен Жүрген жерің шу еткен. Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын.</p> <p>7.Мен мықты арыстан, Аңдардың патшасымын. Жауымның алысқан Күл болған қаңқасы.</p> <p>8.Мен көкжал қасқырмын, Аш болсам ұлимын, Ауылды торимын.</p> <p>9.Құйрығы оң қарыс, Бұл айбатты жолбарыс. Қоян Қасқыр Түлкі Аю Керік Тиін Жабайы аңдар деп атаймыз.Олар орманда тұрады.Балалар еркін білгендерін айтып береді.</p> <p>Бұғы Түлкінің құйрығы, қоянның құлағы,пілдің тұмсығы, керіктің басы. Балалар тәрбиешінің сонынан қайталап. Бой жазып,орындарына отырады.</p> <p>Балалар қатені тауып, жабайы жануарларды ағаштың бауырына ,үй жануарларын үйдің жанына орналастырады.</p> <p>Балалар өз білгендерін айтып береді. Ойын:»Жабайы жануарды тап »</p> <p>Шарты: Балалар мен сендерге Жануарлардың атын атаймын,ал сендер жабайы жануарлардың аттарын айтқанда ғана қолдарыңды шапалақтауларың керек. Балалар сиқырлы сандықтың ішінен нені</p>
--	--	---	--	--

		<p>как народа душа, она же – европа, она же и Азия, и волны уралаи всплеск иртыша. родная земля – Молодая и древняя, - Пою о тебе и тобою живу</p> <p>Пальчиковая гимнастика.</p> <p>если пальчики грустят – доброты они хотят. (пальцы плотно прижимаем к ладони) если пальчики заплачут – их обидел кто-то значит. (трясем кистями) Наши пальцы пожалеем – добротой своей согреем. («моем» руки, дышим на них) к себе ладошки мы прижмем, (прижать к груди) Гладить ласково начнем. (гладим одну ладонь другой) Пусть обнимутся ладошки, Поиграют пусть немножко. (скрестить пальцы, ладони при - жать, пальцы двух рук легко стучат) каждый пальчик нужно взять и покрепче обнимать. (каждый палец зажимаем в кулачке) №4. Продолжи ряд.</p>	<p>1. Киіз үйді ермексаздан жасалған ою-өрнектермен безендіреміз.</p> <p>2. Орыстың күркесін ағаш таяқшалармен жасаймыз.</p> <p>3. Немістің үйін таспен қалаймыз.</p> <p>4. Украиндардың үйінің (хата) үстін сабанмен жабамыз.Жаттықтыру құралының көмегімен жасалатын саусақтарға арналған жаттығу: «Асбұршақ».</p> <p>Ойын-жаттығу: «Ермексазбен достас».</p> <p>Ермексазды жұмыс істеуге дайындауБалаларға жеке көмек көрсетіп отыру. Ермек балаларға жұмыс барысында барынша мұқият, зейінді болу қажеттігін, жұмыс орнында тазалық пен тәртіп сақтау керектігін ескертеді. Шығармашылық минуты: Қалдық материалдарды (тастар, сабан, ағаш таяқшалар, ою-өрнектер) пайдалана отырып, үйді өз қалауыңша безендіріп шық.</p>	<p>Жуандығын қарай заттарды салыстырып, қалың және жұқа топтарға бөлу керек.</p> <p>-Бесінші тапсырма: аузша шот орыс және қазақ тіленде.</p> <p>-</p>	<p>көрдік? Дұрыс аңдарды көрдік. Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз сендерге ұнады ма?</p>
<p>Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p>Қимылды ойын: Доп кімде? Мақсаты: шапшаңдыққа , ептілікке, ұқыптылыққа баулу. Топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>	<p>Дид.қ ойын «Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.</p>	<p>Дид.қ ойын: «Ненің төлі жоқ?» Мақсаты: Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сюжетті рөлді ойын «Аурухана» Мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың қамқорлығын, мейірімділігін, кішіпейілдігін таныстыру. Балаларды мәнерлеп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ұжымдық ойнауға тәрбиелеу.</p>	<p>«Сынарын тап» Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту.Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.Ойынға қызығушылықтарын арттыру.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
<p>« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек</p>	<p>Серуен №1 Торғайларды бақылау Мақсаты:Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Серуен №2 Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: — Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады); — Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу.</p>	<p>Серуен №3 Бақшаны бақылау Мақсаты: — қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; — зерттеу қызметінедеген қызығушылықта-рын арттыру.</p>	<p>Серуен №4 Торғайларды бақылау Мақсаты: — Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; — Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Серуен №5 Қардың түсуін бақылау Мақсаты: - Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; — Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; — әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>Айымжан жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыра білуге үйрету</p>	<p>Дилназ Раяна тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жыдам, баяу ұғымдарын атайды, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алуына жұмыс жасау</p>	<p>Арайлым үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атайды;</p>	<p>10 көлеміндегі сандарды біледі оларды тура және кері санайды</p>	<p>Жазу жаттығулары</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау</p>	<p>Ата-анамен сөйлесу,тақпақтарын сандарды қайталау,қадағалау.</p>	<p>Балаларының оқу іс -қызметіне көңіл бөлу керектігін айту.</p>	<p>Ата- аналармен сұхбат. «Тәні саудың- жаны сау»</p>	<p>Өлең, тақпақтар жаттау.</p>

